# 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары туралы

## *Күшін жойған*

IV шақырылған Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының IV кезектен тыс сессиясының 2008 жылғы 29 қаңтардағы N 4/48-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 08 ақпанда N 2474 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - ШҚО әділет департаменті 2009 жылғы 05 қаңтардағы N 0613-11 хатымен

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-бабының 6) тармақшасына, 101-бабының 4-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына , "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына, " Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қарым-қатынастарға таратылады.

*Сессия төрағасы*

*Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 қаңтардағы N 4/48-IV шешіміне қосымша

## 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкалары

| N р/с№ | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Қалдықтардың қауіптілік деңгейі | Төлемақы ставкасы, теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | шартты тонна | | 1690 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ластаушы заттардың стационарлық көздерінен шығарындылары [1] | | | |
| 2 | Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары: | пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі-тонна) | | |
| | этиденбеген бензин үшін | | | 578,5 |
| | дизель отыны үшін | | | 917,2 |
| | сұйытылған, сығылған газ үшін | | | 520 |
| 3 | Ластаушы заттардың төгінділері: | шартты тонна | | |
| | су көздеріне [2] | | | 22750 |
| | жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне | | | 13650 |
| 4 | Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар [3] | тонна | | 500,5 |
| 5 | Өнеркәсіптік қалдықтар | | | |
| | өндіріс және тұтынудың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы орындарда орналастыру | тонна | "қызыл" тізім | 25025 |
| | | | "янтарь" тізім | 12480 |
| | | | "жасыл" тізім | 3120 |
| | | | жіктелмегендер | 1625 |
| | Бұдан басқа: | | | |
| | аршынды жыныстар [4] | тонна | | 10,7 |
| | шлактар, шламдар, байыту қалдықтары [4] | | | 71,2 |
| | күл мен күлшлактары [4] | | | 998,4 |
| | ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары | | | 332,8 |
| 6 | Радиоактивті қалдықтар | гигабеккерель | | |
| | трансуранды қалдықтар | | | 1339 |
| | альфа-радиоактивті қалдықтар | | | 669,5 |
| | бета-радиоактивті қалдықтар | | | 67 |
| | шынақты радиоактивті көздер | | | 669,5 |
| 7 | Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары | шартты тонна | | 39737,4 |

*Ескерту. Таблицаға 7-ші жол толықтырылды - ШҚО мәслихатының 2008.07.01* N 7/97-IV *Шешімімен.*

*Ескертпе:*

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

1 0,75 коэффициенті;

4 0,75 коэффициенті;

2) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының ставкаларына: энергия өндіруші ұйымдар;

табиғи монополия субъектілері үшін коммуналдық қызметтерді көрсеткен кезде түзілетін эмиссия көлемі үшін мынадай коэффициенттер енгізіледі:

1 0,3 коэффициенті;

2 0,43 коэффициенті;

3 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

3 0,2 коэффициент;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн;

5) ескертпенің 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген жеңілдетілген коэффициенттерді қолдану қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтен тыс көлемі үшін төлемдерге қолданылмайды.

*Ескерту. Ескертпеге өзгеріс пен толықтырылу енгізілді - ШҚО мәслихатының 2008.07.01* N 7/97-IV *Шешімімен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК